

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Эпидемиология және коммуналдық гигиена кафедрасы

АУРУХАНАШЛІК ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯСЫ МЕН ПРОФИЛАКТИКАСЫ

м.ғ.к., доцент Шайзадина Ф.М.



## Мақсаты:

- ауруханаішілік инфекцияларды алдын алу мен эпидемиологиялық қадағалаудың әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздері

- ОҚО-да 2006-2007 жылдары АИВ-инфекциясы балалар мен олардың аналарының арасында тіркелген.
- Республикалық ЖИТС-орталығының мәліметтері бойынша ОҚО-да 2007 жылдың 1 желтоқсанында балалар арасында ауруханаішілік зақымдалуымен байланысты 143 АИВ-инфекциясының жағдайы тіркелді.
- Балалар мен аналардың қан құю кезінде, стерилді емес құрал-жабдықтарды оның ішінде пластикалық катетерлерді қолданған кезде зақымдалғаны анықталды.

ЧИМКЕНТ, КАЗАХСТАН

РОССИЯ

ВЕСТИ



ЧИМКЕНТ, КАЗАХСТАН

ВЕСТИ



Тіркелген мәліметтерге қарағанда 1000 пациентке 1,5-1,9 ауруханашілік инфекциялардың жағдайы келеді. Зерттеулер барысында ауруханашілік инфекциямен елімізде ауруханаға жатқызылған науқастардың 7% құрайды.

Ауруханашілік инфекциялар – нозокомиальды, ауруханалық, ауруханашілік, госпиталды.

□ *Ауруханаішілік инфекциялар* — кез келген клиникалық көріністермен анықталған (микробты, вирусты немесе паразитарлы дамыған), науқасты ауруханаға түскенде зақымдайтын немесе емдеу көмегіне амбулаторлы келгенде немесе аурухана қызметкерлерінің жұқпалы ауруы, яғни бұл мекемеде жұмыс істегенде аурудың симптомдарының ауруханада болған кезінде көрінуіне байланысты емес жұқпалы аурулар.

## Ауруханашілік инфекциялардың дамуына әсер ететін қауіпті факторы

- этиологиялық агенттердің әртүрлілігі;
- стационарларда пациенттерді арнайы жағдайда тұрғызу;
- микроорганизмдердің госпитальді штамм құруы;
- қоздырғыштың артифициальды (жасанды) берілу механизмін құру;
- пациенттерде әртүрлі генезді иммунды тапшылықтың жағдайының болуы;



- медицина қызметкерлерінің төмен квалификациясы;
- стационардағы дезинфекциялық-стерилизациялық тәртіптің бұзылуы;
- жоғары қауіпті топтардағы популяцияның ұлғаюы (шала туған балалар, созылмалы аурулары бар науқастар);



- үлкен ауруханалардың комплекстерін салынуы;
- емдеу және инвазирленген диагностикалық процедураларды көбейту;
- қоғамдағы демография (үлкен топтардағы адамдардың санының өсуі);
- пациенттер денсаулығына және сацонарға, науқас адамдарға әлеуметтік шығын келтіру.

## Этиологиясы.

Ауруханаішілік инфекциялардың қоздырғыштары құрылымы бойынша вирустардан бастап қарапайымдыларға дейін өседі. Ауруханаішілік инфекциялар қоздырғыштарының ішіндегі ең маңыздысы бактериялар, кейбір вирустар мен саңырауқұлақтар.

Ауруханаішілік инфекцияларды қоздырады:

- Патогенді микроорганизмдер (ішектік, вирустық, ауа-тамшы инфекциялары), оның госпитальді штамдар, стационарда құрылмайды.
- Шартты-патогенді микроорганизмдер (хирургиялық жағдайдағы инфекциялар, тыныс жолдарының инфекциялары (пневмония), зәр, қан шығару жолдарының инфекциялары, сонымен қатар басқа да инфекциялар, тері және шырышты қабат инфекциялары, буын, сүйек, жүрек-тамыр, орталық жүйке жүйесі, көз, құлақ, мұрын, ауыз қуыс және т. б.). Госпитальды штамм құрайды.

Инфекция көздері және қоздырғыштың резервуары,  
зақымдалу әдістері.

Инфекция қоздырғышының көздері:

- Медицина қызметкерлері мен науқастар арасындағы бактериотасымалдаушылар мен науқастар және оның ішінде аурудың жасырын түрімен ауыратындар.
- Пациенттерді күтуші адамдар.
- Науқастарға келушілер (инфекция көзі ретінде рөлі көп емес).

# Адам организмдеріндегі қоздырғыштардың резервуары:

- жұтқыншақ;
- нәжіс;
- зәр;
- қолдар;
- ауыз-қуысы;
- тыныс жолдарының бөліністері.

## Қоздырғыштың қоршаған ортадағы резервуары:

- жасанды тыныс беру заттары;
- вена ішіне жіберетін сұйықтықтар;
- диализге арналған су;
- дезинфекциялық сұйықтықтар;
- зақымдалған науқастардың және қызмет бөлмелерінің ішіндегі заттары;
- ауа кондиционерлерінің су жүйесі, су құбырындағы су; су алуға арналған резервуарлары;
- парентеральді түрде қоректендіру ерітінділері;
- эндоскопиялық зерттеулер үшін құрал-жабдықтар, катетерлер, ластанған респираторлар.

## Зақымдалу тәсілдері:

- Экзогенді зақымдалу көбінесе жасанды жолмен берілгенде тасымалдаумен байланысты (емдеу диагностикалық процедуралар), сонымен қатар табиғи жолмен беріледі.
- Эндогенді зақымдану пациенттің өзінің флорасына немесе медициналық мекемелер жағдайындағы пациенттердің жасанды флорасына байланысты.



Инфекцияның қоздырғышының берілу механизмі

- фекальді-оральді (тұрмыстық-қатынас жол, су жолы және тағам жолы);
- аэрозольді (ауа-тамшы, ауа-шаң жолдары);
- трансмиссивті (эпидемиологиялық маңызы аз);
- вертикальді (эпидемиологиялық маңызы аз);
- жанасу;
- жасанды (артифициальды).

## Ауруханаішілік инфекциялардың эпидемиялық процесінің ерекшеліктері.

- Этиологиялық агентті және стационардың типін анықтайды.
- Көптеген емдеу профилактикалық мекемелерінде экзогенді зақымдалудың басымдылығы.
- Әртүрлі типті стационарларды сипаттайтын контингенттердің және қауіпті факторлардың болуы.

- Қоршаған орта объектілерінің зақымдалуы.
- Инфекция қоздырғышының әртүрлілігі.
- Сызба бойынша шартты патогенді флораның айналымы:

медициналық қызметкер (науқастар) ~~қоршаған орта~~  
медициналық қызметкер (науқастар).

## Қауіпті топтар:

- 65 жастан үлкен адамдар;
- жаңа туған және туа біткен патологиясы бар нәрестелер;
- гемодиализ бөлімшелеріндегі пациенттер;
- химиялық, сәулелік терапия алатын пациенттер;
- көптеген күйік және жарақаттары бар пациенттер;
- иммунды статусы өзгерген пациенттер;
- үлкен көлемде көмек көрсетілген хирургиялық пациенттер.

*Назарларыңызға  
рахмет!*

